

**Сауда-саттық ұйымдастыру және өткізуге коммуналдық меншік
объектілерін жекешелендіру жөніндегі тұрақты комиссияның
№4 хаттамасы**

Атырау қаласы

24 шілде 2017 жыл

Қатысқандар:

Комиссия құрамы

Арыстанов Шыңғыс Бисембайұлы - қалалық қаржы бөлімінің басшысы,
Комиссия төрағасы;

Дәулетов Еркінғали Рысжанович - қалалық қаржы бөлімі
басшысының орынбасары,
Комиссия төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Нурушев Ризабек - қалалық тұрғын үй- коммуналдық
шаруашылығы, жолаушылар көлігі және
автокөлік жолдары бөлімінің іс жүргізу
және мемлекеттік сатып алу секторының
бас маманы (келісім бойынша);

Ибатоллаұлы Жігер - қала әкімі аппаратының
мемлекеттік-құқықтық
бөлімінің бас маманы (келісім бойынша);

Ибраев Руслан Тулепбергенұлы - қалалық кәсіпкерлік және туризм
бөлімінің басшысы (келісім бойынша);

Акботина Лаура Рахманқызы - коммуналдық меншік секторының
менгерушісі;

Абдолов Амандық - «Атырау» газетінің тілшісі
(келісім бойынша);

Шавалиева Нурия Муратовна - Атырау облысы кәсіпкерлер
палатасының жобаларды сүйемелдеу
бөлімінің басшысы
(келісім бойынша);

Калимов Куат Тукпатоллинович - Атырау қалалық құрылыс бөлімінің
өңдірістік-техникалық секторының
бас маманы (келісім бойынша);

Күн тәртібі:

1. «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесін жекешелендіру бойынша сауда-саттық әдісін анықтау, құжаттарын қарау;

2. Тәуелсіз бағалаушы «KAIZEN PRICE» ЖШС-і «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесін бағалау туралы есебіне сәйкес бастапқы сату бағасын белгілеу және кепілдік жарна мөлшерін бекіту.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарына «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесін жекешелендіруге шығару туралы хабарлама жариялау.

1. «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесін жекешелендіру бойынша сауда-саттық әдісін анықтау, құжаттарын қарау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі №194 «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысына сәйкес, облыс әкімдігінің 2017 жылғы 3 мамырдағы №76 «Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы №13 «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» қаулылары қабылданды. ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысымен бекітілген Жекешелендіру объектілерін сату қағидасының (бұдан әрі – Қағида) 15-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, комиссия жекешелендірудің жүргізу түрін, әдістерін айқындайды. Комиссия «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің құжаттарын қарап, жекешелендіруді аукцион түрінде өткізу дұрыс деп шешті. Комиссия дауысқа салды:

Жактап дауыс бергендер - 9

Қарсы болғандар - 0

Қалыс қалғандар - 0

Күн тәртібіндегі 1–ші мәселе бойынша комиссия **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**
«Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесін сауда-саттыққа аукцион түрімен бағаны көтеру әдісі бойынша шығарылсын.

2. Тәуелсіз бағалаушы «KAIZEN PRICE» ЖШС-нің «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесін бағалау туралы есебіне сәйкес жекешелендіру объектілерінің бастапқы бағасын белгілеу және кепілдік жарна мөлшерін бекіту.

Сауда – саттыққа шығарылатын «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесіне тәуелсіз бағалаушы «KAIZEN PRICE» ЖШС-імен бағалау жүргізілді. Қағиданың 15-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, комиссия жекешелендіру объектісін бағалау негізінде жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасын белгілеу туралы шешім қабылдайды. Кепілдік жарна – Қағиданың 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасының 15%- ы мөлшерінде енгізіледі.

3. Осыған байланысты, сауда-саттыққа шығарылатын «Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесінің құнын тәуелсіз бағалаушының есебіне сәйкес белгілеу және баспа сөз құралдарына жариялауды Комиссия дауысқа салды:

Жақтап дауыс бергендер - 9

Қарсы болғандар - 0

Қалыс қалғандар – 0

Күн тәртібіндегі 3 –ші мәселе бойынша комиссия **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Тәуелсіз бағалаушы «KAIZEN PRICE» ЖШС-інің 2017 жылғы 5 шілдедегі бағалау туралы есебін ескере отырып, объектілердің алғашқы, бастапқы бағасы мен кепілдік жарнасы төмендегідей болып белгіленсін және баспа сөз құралдарына хабарлама жариялансын.

Лот №	Объектінің атауы	Мекен жайы	Объектінің қызмет түрі	Алғашқы, бастапқы сату бағасы (теңге)	Кепілдік жарна (теңге)
1.	«Атырау бас жоспары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100 % мемлекеттің қатысу үлесі	Атырау қаласы Сатпаев көшесі, 5	«Сәулет, қала мен елді мекендерінің бас жоспарын, қала құрылыс жобалары мен бағдарламаларын, қала құрылыстық нормативтік құқықтық және әдістемелік құжаттарды әзірлеу	6 003 000,00	900 450,00

Комиссия төрағасы:



Ш.Б.Арыстанов

Комиссия төрағасының орынбасары:



Е.Р.Дәулетов

Комиссия мүшелері:



Р.Нурушев



Ж.Ибатоллаұлы




Р.Т.Ибраев



Л.Р.Акботина



А.Абдолов



Н.М.Шавалиева



К.Т.Калимов